

ASTANA CHOIR COMPETITION

Хор ұжымдары мен вокалдық ансамбльдердің халықаралық байқауының ЕРЕЖЕСІ

Ұйымдастырушылар: **Vivaldi Art** білім беру өнер орталығы

1 Конкурстың мақсаттары мен міндеттері:

1. өнер саласындағы шығармашылық жетістіктерді анықтау, дарынды, ерекше орындаушыларды, хор ұжымдарын, вокалдық ансамбльдерді қолдау, олардың кәсіби шеберліктерін жетілдіру;
2. ұлттық және әлемдік музыкалық мәдениет пен өнердің озық дәстүрлері мен жетістіктерін жаңғырту, дамыту, насихаттау және дәріптеу;
3. мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, жастардың мәдени демалысы мен эстетикалық тәрбиесін ұйымдастыру, рухани және мәдени құндылықтармен таныстыру және өзара алмасу, халықаралық мәдени байланыстарды нығайту.

2 Конкурсты өткізу шарттары:

Өткізу күндері: 10-12 қаңтар 2026 ж. қашықтан форматта.

1. Конкурс ұсынылған бейнежазбалар бойынша бір кезеңнен тұрады.
2. Өнер көрсету 10 балдық жүйе бойынша бағаланады.
3. Қазылар алқасы барлық жүлделі орындарды бермеуге құқылы.
4. Егер байқау санатындағы қатысушылар саны 10-нан астам топты құраса, онда қазылар алқасы жүлделі орындарды ұжымдар арасында бөлуге құқығы бар, шығармаларды үздік орындағаны үшін арнайы дипломдармен және «Байқаудың үздік концертмейстері» дипломымен марапаттай алады.
5. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды. Қазылар алқасының әрбір мүшесінің бағасы мен қазылар алқасының байқау нәтижелері бойынша шешімі қазылар алқасының барлық мүшелері қол қойған хаттамаға жазылады.
6. Шығармалар жатқа орындалып, өздігінен таңдалуы тиіс және қатысушылардың техникалық және шығармашылық қабілетін толық ашуы қажет. Хор ұжымдары, вокалдық ансамбльдер шығарманың көркемдік мақсатын аша біліп, оның мазмұнын түсіндіре білу қабілетін көрсетуі керек және орындау автор мәтініне сай болуы тиіс.
7. Байқауға қатысушылар ұсынған бағдарламаларда өзгерістер енгізуге болмайды.
8. Байқауға қатысушылар өздерінің өнер көрсетілген аудио және бейнежазбаларын қолдану құқықтарын ұйымдастырушыларға береді.
9. Байқауға қатысуға іріктеу үшін **электрондық өтінім** [**www.choir.bsartacademy.kz**](http://www.choir.bsartacademy.kz) сайтында толтырылады.

3 Номинациялар:

1. Жалпы білім беретін мектептердің «Хор ұжымы» және «Вокалдық ансамбль»;
2. Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің, мамандандырылған музыка мектептерінің, хор студияларының «Хор ұжымы» және «Вокалдық ансамбль»;
3. Арнаулы орта музыкалық, гуманитарлық, педагогикалық оқу орындарының «Хор ұжымы» және «Вокалдық ансамбль»;
4. Педагогикалық және гуманитарлық жоғары оқу орындарының «Хор ұжымы» және «Вокалдық ансамбль»;
5. Мәдениет және өнер жоғары оқу орындарының «Хор ұжымы» және «Вокалдық ансамбль»;
6. Көркемөнерпаздар ұжымдарының «Хор ұжымы» және «Вокалдық ансамбль».

4 Жас санаттары:

- «А» санаты – кіші топ (6-9 жас);
- «В» санаты – орта топ (10-12 жас);
- «С» санаты – ересектер тобы (13-16 жас);
- «D» санаты – арнаулы орта музыкалық, гуманитарлық, педагогикалық оқу орындарының оқу ұжымдары;
- «Е» санаты – жоғарғы педагогикалық оқу орындары мен жоғарғы өнер және мәдениет оқу орындарының оқу ұжымдары;
- «F» санаты – көркемөнерпаздар ұжымдары (жас шектеулері жоқ)

5 Байқау бағдарламасы:

Таңдау бойынша әртүрлі сипаттағы екі туындыны орындау.

6 Ұйымдастыру комитеті:

1. Ұйымдастыру комитеті конкурсты ұйымдастыру және өткізу бойынша басқарады.
2. Ұйымдастыру комитеті іс-шараны ақпараттық және жарнамалық қолдаудың түрлерін қамтамасыз етеді.
3. Ұйымдастыру комитеті байқау аяқталғаннан кейін топ жетекшілеріне сертификаттар бере отырып, әдістемелік семинарлар өткізеді.

7 Байқаудың қазылар алқасы

1. Қазылар алқасы мүшелерінің саны төрағамен бірге тақ санды құрауы тиіс.
2. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды, хаттамамен ресімделеді және оған қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.
3. Қазылар алқасы байқауға қатысушылардың шеберлігіне баға беріп, әр номинация бойынша Бас жүлде, бірінші, екінші және үшінші орындарды тағайындайды және дипломдармен марапаттайды.
4. Қазылар алқасы барлық жүлделі орындарды бермеуге құқылы.
5. Қазылар алқасының қатысушылар шығармаларды үздік орындағаны үшін арнайы дипломдармен және "Байқаудың үздік концертмейстері" дипломымен марапаттауға құқығы бар.
6. Байқау лауреаттарын дайындаған оқытушылар мен концертмейстерлер алғыс хаттармен марапатталады.
7. Демеушілер мен басқа ұйымдар байқауға қатысушыларға арнайы сыйлықтар тағайындай алады.

8 Қатысушыларға қажет:

1. Қатысушылар конкурстық өнер көрсетуінің бейнежазбасын өз бетінше YouTube-сілтеме арқылы немесе ашық қолжетімді арнаға жүктейді; бейненің сілтемесін көшіріп, конкурстың электрондық өтініміндегі тиісті бөлімге енгізеді;
2. Бейнежазбада крсету тиіс: *Қала, Оқу орны, Хор (ансамбль) ұжымының атауы, Жетекшінің аты-жөні, Концертмейстердің аты-жөні, Шығармалары (композитор, мәтін авторы).*
3. Қатысу үшін ұйымдастыру жарнасын төлеу қажет:
 - «Хор ұжымы» номинациясы бойынша әр қатысушыдан 2000 теңгеден;
 - «Вокалдық ансамбль» номинациясы бойынша әр қатысушыдан 3000 теңгеден.
 - Төлем www.choir.bsartacademy.kz сайты арқылы жүзеге асырылады.

Белгіленген үлгідегі электрондық өтінім мыналарды қамтиды:

1. Елді мекеннің атауы
2. Қатысушы санаты
3. Оқу орнының атауы
4. Ұжымның атауы
5. Ұжым басшысының толық аты-жөні және байланыс деректері (жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес)
6. Концертмейстердің толық аты-жөні және байланыс деректері (жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес)
7. Байқау бағдарламасының бейнежазбасына сілтеме.
8. Өтінімдер **2026 жылғы 8 қаңтар сағ.18:00-ге** дейін (Астана қ. уақыты бойынша) **choir.bsartacademy.kz** сайттында қабылданады.
9. Буклетке арналған **JPEG** форматтағы хор (вокалдық) ұжымының **фотосы**, хор (ансамбль) туралы қысқаша ақпарат; конкурстық бағдарлама конкурстың электрондық мекенжайына жіберіледі: **kazakh.choral.fest@gmail.com**
10. Конкурстың өтуі бойынша барлық сұрақтарды электрондық мекенжайға жібере аласыз: **kazakh.choral.fest@gmail.com**
11. Байланыс телефоны: +7-771-875-0397 (Whatsapp)

Байқау қатысушыларының өтінім нысаны

ӨТІНІМ

www.choir.bsartacademy.kz

сайттыңда қабылданады:

Елді мекеннің атауы _____

Қатысушы санаты _____

Оқу орнының атауы _____

Ұжымның атауы _____

Ұжым басшысының толық аты-жөні және байланыс деректері (жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес) _____

Концертмейстердің толық аты-жөні және байланыс деректері (жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес) _____

Байқау бағдарламасының бейнежазбасына сілтеме _____

Электрондық поштаға: kazakh.choral.fest@gmail.com жіберу керек:

1. Фотосурет,
2. Ұжым туралы қысқаша ақпарат
3. Ұжымның конкурстық бағдарламасы

1. _____

2. _____

Өтінім толтырылған күн _____